

«Сейфуллин оқулары – 16: Жаңа формациядағы жастар ғылыми-Қазақстанның болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары =Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 16: Молодежная наука, новой формации - будущее Казахстана. - 2020. - Т.1, Ч.1 - Б.232-235

## **ҚҰЙРЫҚТЫ ҚЫЛШЫҚ ЖҮНДІ ҚОЙ ТҰҚЫМДАРЫНЫҢ ӨНІМДІЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Өмірзакова Ф., Амантай С.**

Бүгінгі күнге отандық қой шаруашылығын одан әрі дамытып қалпына келтірудің негізгі стратегиясы жоғары сапалы қой етін өндіру болып отыр. Қой еті одан алынатын ең негізгі өнім, оның оның бұлшық ет тканьдарында құнды белоктар жиынтығы болады. Еділбай қойы тез өсіп жетілетін етті-майлы қой тұқымдары, етінің сапасы жоғары, әсіресе қозы етінің сапасы өте жоғары болады [1,2].

Қой жүнінің бағамы төмендеп ал қой етінің бағасы өсуі бүгінде етті-майлы қой шаруашылығын оның ішінде Еділбай тұқымын дамытуға ықпал етіп отыр. Қой етіне оның ішінде жас малдар етіне деген сұраныс тұрақты түрде өсіп келеді, әйтседе тұтынушылар тауардың сандық жағынан сапалық жағына, өндірілетін өнімнің экологиялық және физико-химиялық көсеткіштеріне көп талап қоя бастады [3,4]. Осыған орай, зерттеу жұмысы Еділбай қойының аз зерттелген критерияларына бағытталды - ол ет және құйрық май өнімдерінің химиялық құрамы мен физикалық қасиеттеріне талдау жұмыстарын жүргізу.

Зерттеу объектісі ретінде Жамбыл облысы, Тұрар Рысқұлов ауданы, Жарлысу ауылында «Шәушен» шаруа қожалығында өсірілетін Еділбай қой тұқымының қондылығы әр түрлі категорияға жататын 9 айлық ұрғашы тоқтылары алынды. "Шәушен" ШҚ Тянь - Шань жотасының тау бөктерінде, "Жарлы су" ауылында "Сұңғайты" шатқалында, аудан орталығынан 12 км қашықтықта және үш егемен мемлекетті - Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстанды қосатын тас жолында орналасқан. Темір жол орталықтан 70-80 км қашықтықта орналасқан. Бұл ҚР оңтүстік аймағында қолайлы климаттық жағдайларда қой өсірудің жоғары тиімділігімен байланысты, себебі бұл қой жылдың барлық мезгілінде, шұғыл континентальды климатқа қарамастан, көктемгі-жазғы кезеңде де, жылдың күзгі-қысқы кезеңінде де температура ауытқуымен тұрақты. "Шәушен" ШҚ орналасқан топырақтық-климаттық жағдайлар еділбай тұқымдарына қолайлы және Тянь-Шань жотасының тау бөктерінде орналасқан, жылдық шөгіндісі 200 мм-ге дейін тау - дала қара қоңыр топырақты құрайды. Аязсыз кезең 140-190 күн, қар жамылғысы 50-80 күн жатады, бұл қысқы қой жайылымы үшін қолайлы. Температура ауытқиды-қыс мезгілінде 0-ден 21-ге дейін кейде және одан да көп градус

нөлден төмен, жаз мезгілінде 20-дан 35-ке дейін және одан да көп градус нөлден жоғары (1-кесте).

1 – кесте - "Шаушен" ШҚ-ның жерді пайдалану көлемі мен құрылымы

Алқаптардың атауы	Көлемі, мың га	Құрылымы, %
Барлық ауыл шаруашылығы алқаптары	13,2	100,0
оның ішінде егістік жер	2,3	17,0
жайылымдар	10,8	82,0
шабындықтар	0,2	1,0

Кестеде келтірілген мәліметтерден, ең үлкен үлес салмағын жайылымдар - 82,0 % алатыны көрініп тұр. Егістік және шабындық үлесіне тиісінше 17,0 және 1,0. Шаруашылықтың негізгі бағыты мал шаруашылығы болып келеді (ет-май қой шаруашылығы, етті мал шаруашылығы, табынды жылқы шаруашылығы).

Зерттеу қой шаруашылығы, қой өнімдерін өндіру технологиясы және өңдеу негізі (қой өнімдері кластері), мемлекеттік стандарт 5111-55, ГОСТ Р 52843 -2007 стандарттарының талаптарын басшылыққа ала отырып жүргізілді. Зерттеу жүргізу үшін қойлардың қондылығынанықтап категорияға бөліп жоғары және орташа қондылықтағы екі топ алынды. Сойылғаннан кейін ГОСТ 52843-2007 стандарт талаптарына сәйкес еті мен майының (құйрық) сапалық көрсеткіштері зерттелді. Осы қой тұқымынан алынатын ет және құйрық майларының сапасына химиялық физикалық зерттеулер жүргізілді (2-кесте).

2-кесте – Еділбай тұқымының 9 айлық тоқтыларының қондылығы (n=3 бас)

Қондылық категориясы	Қойылатын талаптар (төменгішегі)
Жоғары	Қолмен ұстап қарағанымызда арқасы мен белінің бұлшық еттері жақсы жетілген. Арқа мен бел омыртқа сүйектері аса білінбейді. Беліндегі май қол мен ұстағанда білініп тұр орташа көлемде, құйрығы жақсы толысқан.
Орташа	Арқасы мен белінің бұлшық еттері орташа дамыған, бел омыртқаның сүйектері қолмен ұстағанда білініп тұр, белдеме майы шамалы, құйрық жақсы толысқан

Осы екі топтағы қондылығы әр түрлі қойлар жайылымда бірге жайылып бірдей жағдайда қораларда ұсталды. Бір ай өткен соң бақылау сойыс жүргізілді. Қондылығын анықтау және еттерді категорияға бөлу жоғарыда көрстілген әдістемелер, стандарттар талаптарына сәйкес жүргізілді. Сойыс кезінде ет және құйрық майдан сынамалар химиялық, физикалық талдау жүргізу үшін алынып зертхана жағдайында талдау жүргізілді (3-кесте).

3 – кесте - Құйрықты қойдың жас тоқты етінің химиялық құрамы

обы	Құрамы, %				Н	1 кг еттің каллориясы
	ылғалдылығы	май	ақуыз	күл		
Қондылығы жоғары						
31	64,05±0,	16,11±0,3	19,10±0,23	0,72±0,27	,88	2281,35
Қондылығы орташа						
27	67,49±0,	11,55±0,3	19,27±0,20	0,76±0,27	,0	1777,68

3-кестедегі талдау қорытындысы бойынша қондылығы жоғары категорияға жататын еттің ылғалдылығы екіншісімен салыстырғанда 3,44% кем болса, ал майы 4,56% көп бұл бірінші топтағы еттің энергетикалық құндылығының жоғарылығын көрсетіп тұр. Бұл ретте ақуыз мөлшері екі группада шамалас аздаған айырмашылық көрсетті. Қондылығы жоғары категорияға жататын еттің ылғалдылығы төмен, консистенциясы жақсы және ұшаның бұлшық еттерінде майдың мөлшерінің жоғарылығына орай, орташа категориялы етке қарағанда каллориясы жоғары болды.

Қойдың майында сиыр және шошқа майымен салыстырғанда адам организмін ерте қартайтатын холестерин мөлшері 2,5-4,3 есе аз болады. Құйрық майы тағамдық өнімдер дайындауда қолданылады және сары майдан кем емес, дәрілік құрал ретінде де қолданылады. Құйрық май сапасының көрсеткіштерін зерттеу үшін олардан сынамалар алынып, зертханада физикалық- химиялық талдау жүргізілді (4-кесте).

4 – кесте құйрық майдың физикалық-химиялық құрамы

Көрсеткіштер	Жоғары категория	Орташа категория
Құйрығының салмағы кг	2,88±0,06	2,19± 0,05
Ылғалдылығы, %	9,6± 0,12	9,7± 17

Балқу температурасы,С	42,2± 0,29	41,8± 0,31
-----------------------	------------	------------

Талдаудың қорытындысы бойынша қондылығы әр түрлі категорияға жататын жас малдың құйрық майларының физикалық-химиялық құрамы бойынша көп айырмашылық байқалмады, тек балқу температурасы 0,4 % жоғары екендігі анықталды. Қондылығы жоғары мал етінде ылғалдылығы төмен, балқу температурасы 0,4% жоғары, алайда құйрық майының салмағы жоғары категориялыда орташа категориялығы қарағанда 31,5% асып отыр, нақтырақ айтсақ  $P \geq 0,999$  айырмашылықпен.

Қорытындылай келе. қондылығы жоғары категорияға жататын жас малдардан қондылығы орташа категорияға жататын малдарға қарағанда ылғалдылығы төмен, конситсенциясы тығыз, каллориясы жоғары сапалы ет, сонымен қатар, құйрық майын тамаққа қолданса оның салмағы мен балқу температурасы жоғары болатын сапалы ет және май өнімдеріналу мүмкіндігі бар. Осыған орай, қозы тоқтыларды жедел семіртіп өсіру ет өндірісін арттыруға және ет сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

### Әдебиеттер тізімі

1 Абонеев В.В., Квитко Ю.Д., Сельки И.И. және басқалар. Қойлардың ет өнімділін бағалау әдістемесі // Ставраполь. – 2009. – С. 34.

2 Қазиханов Р.К., Қазыханова С.Р., Нам В.Н. Қой шаруашылығы, қой өнімдерін өндіру технологиясы және өңдеу негізі (қой өнімдері кластері): Оқулық – Астана, 2005. – 100 б.

3 Бегімбеков Қ.Н., Төреханов А.Ә., Байжұманов Ә.Б. Мал өсіру және селекция: Оқулық – Алматы: Бастау ЖШС, 2006. - 592 б.

4 Shauyenov S.K., Islamov Y.I., Narbayev S.N., Ibrayev D.K. Effect of sire breed on the productivity of Kazakh mutton-semifine-wool sheep // Indian Journal of Animal Research. – 2016. – № 50(3).– P. 418-424.